# Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі м.а. 2010 жылғы 25 ақпандағы № 119 бұйрығы.

"Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері жөніндегі республикалық комиссиясының құрамы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері жөніндегі республикалық комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 28 қарашадағы № 739 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.11.2013 № 4-1/651 бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының жетекшілік етуші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр м.а.* *М. Оразаев*

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2010 жылғы 25 ақпандағы
№ 119 бұйрығымен
бекітілген

## Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.07.2017 № 485 бұйрығымен.

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері жөніндегі республикалық комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) қалыптасуы мен қызметі тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган - өз құзыреті шегінде тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, тұқым шаруашылығына қатысушылардың қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) жұмысшы орган - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы.

3. Комиссия уәкілетті органның жанындағы консультативтік-кеңесші орган мәртебесіне ие және өз қызметін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Комиссия сортты әрі қарай сынақтан алу немесе шаруашылыққа құнды белгілер кешені бойынша сортты пайдалануға рұқсат беру негіздемесі бар қорытындыны қарайды.

## 2. Комиссия мүшелерінің құқықтары

5. Комиссия мүшесі:

1) Комиссия материалдарын қарауға;

2) Комиссия отырысына енгізілетін материалдарды талқылауға қатысуға;

3) қарауға ұсынылған материалдарды пысықтауға қайтаруға;

4) қажет болған жағдайларда Комиссия отырысына өсімдік шаруашылығы, селекция және тұқым шаруашылығы саласындағы мамандарды тартуға (дауыс беру құқығымен);

5) Комиссия отырысына селекциялық жетістіктердің авторларын, өтінім берушілерді немесе қаралатын мәселелерге қатысы бар олардың өкілдерін шақыруға құқылы.

## 3. Комиссияны қалыптастыру тәртібі және қызмет регламенті

6. Комиссия уәкілетті органның, жұмыс органының өкілдерінен, сондай-ақ ғылыми ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өкілдерінен (келісу бойынша) құрылады.

Уәкілетті орган мен жұмыс органы өкілдерінің жалпы саны Комиссия мүшелерінің жалпы санының 40%-ынан аспауы тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 08.11.2021 № 324 бұйрығымен.

7. Комиссия өз қызметін дақылдар топтары жөніндегі секторларда материалдарды алқалық қарау нысанында жүзеге асырады.

Бір сектордағы Комиссия мүшелерінің жалпы саны 15 адамнан аспауы тиіс.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 08.11.2021 № 324 бұйрығымен.

8. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітіледі. Комиссия төрағасы жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі болып табылады.

Комиссия төрағасы болмаған кезде оның функциясын төрағаның орынбасары атқарады.

9. Комиссия төрағасы Комиссияның жұмысын басқаруды іске асырады, дақылдар топтары жөніндегі секторлардың кезекті отырыстарының күн тәртібін және уақытын бекітеді.

10. Комиссияның жұмысшы органы:

1) Комиссияның отырыстары арасындағы мерзімде оның жұмысын ұйымдастырады ;

2) Комиссия талқылауына шығарылатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері жөніндегі материалдарды дайындауды жүзеге асырады;

3) дақылдар топтары жөніндегі секторлар отырыстарының қорытындылары бойынша хаттамалар дайындалуын және оларға қол қойылуын қамтамасыз етеді.

11. Комиссияның шешімдері дақылдар топтары бойынша секторлар отырыстарының жекелеген хаттамалары түрінде ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

Отырыс материалдары бойынша дауыс беру көзбе-көз тәртіппен өткізіледі.

Отырысқа тікелей қатысу мүмкін болмаған жағдайда, комиссия мүшесі сырттай электрондық пошта немесе комиссия мүшесінің жеке қолымен куәландырылған хатты жіберу арқылы дауыс беруге құқылы. Комиссия отырысы көзбе-көз режимде және ( немесе) бейнеконференц-байланыс режимінде өткізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 4.11.2020 № 336 бұйрығымен.

12. Комиссия төрағасы бекіткен Комиссия жұмысының жоспарына сәйкес Комиссия отырысы жылына төрт рет өткізіледі.

Қазақстан Республикасы<br>Ауыл шаруашылығы министрі

міндетін атқарушының
2010 жылғы 25 ақпандағы
№ 119 бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 368 бұйрығымен.

## 1. Дәнді, дәнді-бұршақты, жарма, жүгері, дәнді құмай жүгері дақылдары топтары жөніндегі сектор

| | | |
|---|---|---|
| Әбілхайыр Ғалымұлы Тамабек | - | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, комиссия төрағасы; |
| Мұрат Саматұлы Іргебаев | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаменті директорының орынбасары, төрағаның орынбасары; |
| Айман Молдабайқызы Телегенова | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаменті тұқым шаруашылығы және сорт сынау басқармасының басшысы, комиссия мүшесі; |
| Талгат Болатұлы Әжіғалиев | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" республикалық мемлекеттік мекемесінің төрағасы, комиссия мүшесі; |
| Айжан Жомартқызы Жұмаханова | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" республикалық мемлекеттік мекемесі республикалық зертханасының жетекшісі, комиссия мүшесі; |
| | | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық |

| | | |
|---|---|---|
| Әділхан Ирғалиұлы Уромбаев | - | зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны өнертабыстар мен селекциялық жетістіктерді формальды сараптау басқармасының бас сарапшысы, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Тасқын Тұрғанғазыұлы Жапарқұл | - | "Ернар" элиталық тұқым өсіру шаруашылығының басшысы, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Әкпар Қазалыұлы Мәуленов | - | "Қазақстан фермерлерінің қауымдастығы" занды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлер қауымдастық нысандағы бірлестігінің атқарушы директоры, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |
| Нартай Жұматайұлы Ысқақов | - | "Қазақстан фермерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлер қауымдастық нысандағы бірлестігі Ақмола облысы бойынша филиалының төрағасы, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Фарид Құмашұлы Әбітаев | - | "Майлы дақылдар тәжірибелік шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |
| Анарбай Қайнарұлы Ортаев | - | "Красноводопад ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқарма төрағасы, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Гүлден Амангелдіқызы Қыпшақбаева | - | "С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы "Егіншілік және өсімдік шаруашылығы" кафедрасының аға оқытушысы, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |
| Шолпан Оразқызы Бастаубаева | - | "Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" Басқарма төрайымы, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |

| | | |
|---|---|---|
| Владимир Анатольевич Чудинов | - | "Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басқарма төрағасының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Павел Брониславович Рафальский | - | Қазақстан астық консорциумының өндіріс жөніндегі директоры, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Гүлзия Арманқызы Шәріпова | - | комиссия хатшысы. |

## 2. Майлы, техникалық, іиру дақылдары топтары жөніндегі сектор

| | | |
|---|---|---|
| Әбілхайыр Ғалымұлы Тамабек | - | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, комиссия төрағасы; |
| Мұрат Саматұлы Іргебаев | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаменті директорының орынбасары, төрағаның орынбасары; |
| Айман Молдабайқызы Телегенова | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаменті тұқым шаруашылығы және сорт сынау басқармасының басшысы, комиссия мүшесі; |
| Талғат Болатұлы Әжіғалиев | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" республикалық мемлекеттік мекемесінің төрағасы, комиссия мүшесі; |
| Айжан Жомартқызы Жұмаханова | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ауыл шаруашылығы дакылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" республикалық мемлекеттік мекемесі республикалық зертханасының жетекшісі, комиссия мүшесі; |
| | | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық |

| | | |
|---|---|---|
| Әділхан Ирғалиұлы Уромбаев | - | мемлекеттік кәсіпорны өнертабыстар мен селекциялық жетістіктерді формальды сараптау басқармасының бас сарапшысы, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Әкпар Қазалыұлы Мәуленов | - | "Қазақстан фермерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлер қауымдастық нысандағы бірлестігінің атқарушы директоры, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Павел Брониславович Рафальский | - | Қазақстан астық консорциумының өндіріс жөніндегі директоры, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Ирина Петровна Ошергина | - | "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жарма, дәнді-бұршақты, дәнді- жемдік және майлы дақылдар селекциясы бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Фарид Құмашұлы Әбітаев | - | "Майлы дақылдар тәжірибелік шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Наталия Федоровна Григорчук | - | "Майлы дақылдар тәжірибелік шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі майбұршақ селекциясы зертханасының меңгерушісі, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Наталья Анатольевна Жукова | - | "Павлодар ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғылыми қызметкері, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Владимир Анатольевич Чудинов | - | "Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басқарма төрағасының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| | | "Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі |

| | | |
|---|---|---|
| Мұхтар Сәрсенбекұлы Құдайбергенов | - | шектеулі серіктестігі дәнді-бұршақ дақылдары және жүгері зертханасының меңгерушісі, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |
| Тимур Владимирович Савин | - | "С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы ғылым департаментінің директоры, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |
| Гүлзия Арманқызы Шәріпова | - | комиссия хатшысы. |

## 3. Картоп, көкөніс, бақша, жеміс-жидек, орман. гүлдік-сәндік дақылдары топтары жөніндегі сектор

| | | |
|---|---|---|
| Әбілхайыр Ғалымұлы Тамабек | - | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, комиссия төрағасы; |
| Мұрат Саматұлы Іргебаев | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаменті директорының орынбасары, төрағаның орынбасары; |
| Айман Молдабайқызы Телегенова | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаменті тұқым шаруашылығы және сорт сынау басқармасының басшысы, комиссия мүшесі; |
| Талғат Болатұлы Әжіғалиев | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" республикалық мемлекеттік мекемесінің төрағасы, комиссия мүшесі; |
| Айжан Жомартқызы Жұмаханова | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" республикалық мемлекеттік мекемесі республикалық зертханасының жетекшісі, комиссия мүшесі; |
| | | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу |

| | | |
|---|---|---|
| Әділхан Ирғалиұлы Уромбаев | - | құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны өнертабыстар мен селекциялық жетістіктерді формальды сараптау басқармасының бас сарапшысы, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Әкпар Қазалыұлы Мәуленов | - | "Қазақстан фермерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлер қауымдастық нысандағы бірлестігінің атқарушы директоры, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |
| Қайрат Серікбайұлы Бисетаев | - | "Қазақстанның картоп пен көкөніс өндірушілерінің одағы" заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бірлестігінің басқарма төрағасы, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Ирина Николаевна Аникина | - | "Торайғыров университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғылыми қызметкері, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Азамат Әбдіхамитұлы Жексембиев | | "Эко Ферма 2015" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Теміржан Ерқасұлы Айтбаев | | "Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқарма төрағасы, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Сәуле Жамбылқызы Қазыбаева | - | "Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзім селекциясы мен сортсынау зертханасының меңгерушісі, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Дәулен Ақылтайұлы Уалиев | - | "Павлодар ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқарма төрағасы ғылым жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Гүлзия Арманқызы Шәріпова | - | комиссия хатшысы. |

## 4. Мал азықтық, көгалдық дақылдары топтары жөніндегі сектор

| | | |
|---|---|---|
| Әбілхайыр Ғалымұлы Тамабек | - | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, комиссия төрағасы; |
| Мұрат Саматұлы Іргебаев | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаменті директорының орынбасары, төрағаның орынбасары; |
| Айман Молдабайқызы Телегенова | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаменті тұқым шаруашылығы және сорт сынау басқармасының басшысы, комиссия мүшесі; |
| Талғат Болатұлы Әжіғалиев | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" республикалық мемлекеттік мекемесінің төрағасы, комиссия мүшесі; |
| Айжан Жомартқызы Жұмаханова | - | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" республикалық, мемлекеттік мекемесі республикалық зертханасының жетекшісі, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Әділхан Ирғалиұлы Уромбаев | - | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны өнертабыстар мен селекциялық жетістіктерді формальды сараптау басқармасының бас сарапшысы, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Әкпар Қазалыұлы Мәуленов | - | "Қазақстан фермерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлер қауымдастық нысандағы бірлестігінің атқарушы директоры, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |

| | | |
|---|---|---|
| Павел Брониславович Рафальский | - | Қазақстан астық консорциумының , өндіріс жөніндегі директоры, комиссия мүшесі (келісу бойынша ); |
| Надежда Ивановна Филиппова | - | "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі көпжылдық шөптер селекциясы бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |
| Алдаберген Махамбеталиұлы Еспанов | - | "Оңтүстік-батыс мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шалқар филиалының директоры, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Уәлихан Малғаждарұлы Сағалбеков | - | "Көкшетау тәжірибе-өндірістік шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басқарма төрағасының ғылым жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |
| Азамат Айсаұлы Үсейінов | - | "Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өсімдік шаруашылығы бөлімінің аға ғылыми қызметкері, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Ғалиолла Төлендіұлы Мейірман | - | "Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басқарма төрағасының инновациялар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Тимур Владимирович Савин | - | "С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы ғылым департаментінің директоры, комиссия мүшесі ( келісу бойынша); |
| Даулен Акылтайулы Валиев | - | "Павлодар ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басқарма төрағасы |

| | | |
|---|---|---|
| | | ғылым жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы, комиссия мүшесі (келісу бойынша); |
| Гүлзия Арманқызы Шәріпова | - | комиссия хатшысы. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК